

№3- тәжірибелік сабақ: Реализмге бағытталған сын-ескертпелер.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін «Күш» деген ұғымның мән мағынасын түсіне алады. Күштің негізгі құрамдас бөлшектерін, элементтерін сыныптандыра алады. Күштің тепе-теңдігін және оған қатысты саясатты түсіне алады. Реалист теорияның гипотезаларын тізбектеп түсіндіре алады.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: Реалист теорияның ішіндегі әртүрлі ұстанымдарды түсіндіре алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, анархия, рационализм, неореализм, басқыншы реализм, қорғанымпаз реализм секілді ұғымдардың танымын үйренеді. Реализмге жасалған сын-ескертпелерді оқып үйренеді.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас.

Жоғарыда әр түрлі аспектілерден қарастырылып, жалпылама түрде Реализм деп аталатын теория қырғи қабақ соғыс жылдарында көптеген мемлекеттердің, әсіресе, Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясатына терең әсер етті. Сонымен бірге, реализмнің негізгі пайымдарын сынаған, көптеген академиялық зерттеулер жүргізіле бастады. Бұл сындарды келесідей қорытындылауға болады. Біріншіден, реалистік теорияны тек күш саясаттары мен қақтығыстарға бағытталған бір жақты деп айыптайды. Осы сынды айтқан адамдардың пікірінше, реализм халықаралық саясаттың көптеген аспектілерін талдаудың тысында қалып отыр және тек күштер мен мемлекеттер арасындағы қақтығыстарға ғана назар аударуда. Реализм көрсеткендей, жанжал, бәсекелестік және өзімшілдік адам табиғатында бар; дегенмен, адамдар ынтымақтастыққа да бейім жандар. Мемлекеттер ортақ мүдделерге ие болғаны секілді қарама-қайшы мүдделерге де ие. Халықаралық саясат тарих бойынша тек қақтығыстардан ғана тұрмайды. Түрлі дауыстар мен перспективалар арасындағы диалог халықаралық саясаттың маңызды бөлігі болды.

Реализмге айтылған екінші сын - бұл теорияның мемлекеттерді халықаралық саясаттың жалғыз акторлары ретінде көруі және жеке тұлғалар немесе халықаралық ұйымдар сияқты басқа акторлерге мән бермеуі. Алайда, бүгінде мемлекеттер немесе жеке тұлғалар құрған халықаралық ұйымдар мен жеке тұлғалар халықаралық саясаттағы ықпалын күннен-күнге арттыруда. Атап айтқанда, мемлекеттік емес акторлар деп аталатын Гринпис және Амнести Интернешнл сияқты ұйымдар халықаралық күн тәртібін белгілеуде тиімді болуда және белгілі бір дәрежеде мемлекеттің іс-әрекеттеріне әсер етуде. Соңғысы, реализмге

қарсы айтылған сындар реализмнің мемлекеттер арасындағы қатынастардың табиғатына көзқарасына назар аударуда. Реалистердің пікірінше, мемлекеттер анархиялық жағдайда күштер мен қауіпсіздік мәселелеріне сәйкес әрекет етеді, бұл өз кезегінде халықаралық жүйеде жалғыз іс-әрекет құралы күш екен деген қорытындыға әкеледі. Алайда, бүгінде мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін құқықи және әдет-ғұрыптық ережелер бар және бұл ережелер мемлекеттерге міндеттер мен құқықтарды да жүктейді. Мемлекеттер арасындағы қатынастар тек қана күшке ие болу қайғысымен, алаңдаушылығымен ғана емес, сонымен бірге жүйеде барлығы тарапынан қабылдаған жалпы ережелермен де қалыптасады.

"Күш саясаты" жүйесінің және икемді биполярлық жүйенің модельдері олардың орын алып отырған аналогтарынан неғұрлым қарапайым болып табылады. Бәлкім, аталған жүйелердің кейбір маңызды ережелері қарастырудан қалып қойған шығар. Мұндай жағдайда ол кемшіліктер модельдерді қолдану әрекеті барысында байқалады. Қарым-қатынастар жүйесі барынша қарапайым да орнықты көрсетілуі үшін модельдердің қарапайымдылығы басты рөл атқарады. "Күш саясаты" термині тырнақшаға алынып қолданылады, өйткені халықаралық тепе-теңдіктің кез-келген ахуалы күш саясаты болып табылады. Бұл мағынада осынау термин қайталанатын, тіпті таптаурын термин болып шығады. Ол бұл жүйеде не болып жатқаны жөнінде де, акторлар не істеуге тиістігі жөнінде де ешқандай тың ақпарат бермейді. Солай бола тұра, "күш саясаты" термині әдебиетте қолданылады және ол XVIII-XIX ғасырларда, бәлкім, XX ғасырдың басында болған халықаралық жүйені суреттеуге қолданылса, біршама интуициялық түсінік береді. "Күш саясаты" жүйесі басқа халықаралық жүйелерден төмендегідей сипаттамалар бойынша өзгешеленеді. Ол саяси кіші жүйесі жоқ (немесе, басқаша айтқанда, нөлдік кіші саяси жүйесі бар) халықаралық жүйе болып табылады. Бұл жүйенің акторлары "ұлттық акторлар" тұрпатына жататын халықаралық акторлар болып табылады. Бұл жүйедегі негізгі акторлар ("негізгі" - анықтама берілмейтін ұғым) кем дегенде бесеу болуы тиіс, одан көп болса тіпті жақсы. Кең мағынасында алғанда Бірінші дүниежүзілік соғыс алдындағы кезеңде Англия, Франция, Германия, Австрия-Венгрия империясы, Италия, АҚШ негізгі ұлттық акторлар санатына қосылады. Бұл орайда біз нақ қай елдерді негізгі ұлттық акторлар ретінде анықтайтынымыз оншалық маңызды емес, бірақ аталмыш санатқа кіретін акторлардың ең төменгі саны болуының ондай жүйе үшін өмірлік маңызы бар.

Саяси реализм бағытының негізін қалаушы Г. Моргентау ұлттық мүдделердің нақты, объективті құрамына салмақ салады. "Күшке негізделген ұлттық мүдделер", Г. Моргентаудың теориясына сай, біріншіден, мемлекеттің әскери және экономикалық қуаты, екіншіден,

оның барынша қауіпсіз болуы мен гүлденуінің кепілі, үшіншіден, өзінің идеологиялық ұстанымдары мен рухани құндылықтарын тарату мүмкіндіктерінен құралады. Ганс Моргентау және классикалық реализм. Халықаралық қатынастар мәселесін зерттеу, ол туралы пікірлеу айту ежелгі заманнан бастап-ақ қолға алынған болатын. Бірақ кең көлемдегі іргелі зерттеулер, әсіресе, оның саяси аспектілері жиырмасыншы ғасырдан бастап көрініс таба бастады. Сондай ойшылдардың бірі Ганс Моргентау болды. Халықаралық қатынастар саласындағы американдық саяси ойдың көрнекті өкілі болған Ганс Моргентау 1904 жылы Германияда дүниеге келді. 1932 жылы Женевада Халықаралық зерттеулер институтында диссертация қорғап философия докторы атанды. 1937 жылы еврейлерге қарсы жүргізілген фашистік қуғыннан бас сауғалаған ол АҚШ-қа қашып барып, 1943 жылы американдық азаматтығын алады. Чикаго университетіндегі сыртқы және ішкі саясатты зерттеу орталығын 20 жыл бойы басқарған оның ғылыми-зерттеушілік қызметі осында өтеді.

Оның ұзақ жылғы ғылыми-зерттеушілік жұмысы оған халықаралық қатынастардағы саяси реализм теориясының негізін қалаушы мәртебесін беруге дейін жеткізді. Оның 1948 жылы жарық көрген «Ұлттар арасындағы саяси қатынас: өкімет пен бейбітшілік жолындағы күрес» деп аталатын кітабы халықаралық қатынастар теориясындағы шын мәніндегі классикалық еңбекке айналды. «Халықаралық саясат» еңбегі 20 реттен артық басылып шығып «саяси реализм» мектебінің негізін қалаушылардың бірі ретінде мәртебесін арттыра түсті.

Г.Моргентау «Халықаралық саясат» еңбегінде саяси реализм мен күш терминдеріне анықтама беруде былай деп жазады. «Саяси реализм былай дейді: тұтас алынған қоғам секілді саясат та тамыры адам табиғатында жатқан объективті заңдармен басқарылады. Қоғамды жетілдіру үшін бірінші кезекте ол ұстанатын заңдарды түсіну керек. Бұл заңдар біздің нені тәуір көретінімізге меніреу күйінде қалып, өз бетінше қарекет етеді, адам оларға тек оңбай кету тәуекелімен ғана қыр көрсете алады.

Жаһандық саясаттың бүкіл ландшафтында саяси реализмді бөліп тұратын басты белес – «күш» (ықпал) терминдерімен анықталатын мүдде тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдама халықаралық саясат негізінде жатқан сарындар мен зерттелетін фактылар арасындағы байланысты түсіну мүмкіндігін береді. Ол саясатты экономикадан, этикадан, эстетикадан және діннен бөлек дербес қарекет өрісі ретінде бөліп алады. Мұндай тұжырымдамасыз ішкі де, сыртқы да саясат теориясы мүлде мүмкін болмас еді, өйткені, біз саяси және бейсаяси фактылар арасында айырмашылық жүргізе алмас едік, саясат саласына мысқалдай болса да жүйелі реттілік енгізе алмас едік.

«Күш» (ықпал) терминдерінде анықталатын мүдде

тұжырымдамасы байқаушыны нақты болмысты ой елегінен өткізуде белгілі бір реттілікті ұстануға, саяси ғылымның саясатты теориялық ой елегінен өткізуін мүмкін ететін ұтымдылық енгізуге мәжбүр етеді. Ол сыртқы саясатта таң қаларлық тұтастықты анықтайды; осылайша, өздігінен-ақ дәйекті американ, британ немесе ресей саясаты, бірін-бірі ауыстырып жататын мемлекет қайраткерлерінің әрқилы сарындарынан, ұнасымдарынан, интеллектуалдық және моральдық қасиеттерінен тәуелсіз, оқиғалардың ұтымды, түсінікті тізбегі ретінде көрінеді. Осылайша, халықаралық саясаттың реалистік теориясы екі тұрпатты қателіктің: түрткі болатын сарынға және идеологиялық ұнасымдарға шүкшиюдың алдын алады.

Осы пікірлерді «күш» ұғымына да телуге болады. Оның мазмұны, пайдалану сипаты саяси және мәдени тіндерден туындайды. Күш бір адамға басқа адамның қадағалау орнатып, соны қолдап отыруына байланысты нәрсенің бәрін білдіре алады. Ол, осылайша, бір парасаттың басқаларға билік жүргізуіне мүмкіндік беретін физикалық зорлықтан ең нәзік психологиялық байланыстарға дейін, осынау мақсатқа қызмет ететін барлық әлеуметтік қатынастарды қамтиды. «Күш», ол моральдық пиғылдар мен конституциялық шектеулер (батыс демократияларындағыдай) арқылы реттелген кезде де, тек төл құдыретінің заңдарына бағынып, төл ұлғая түсуіне жалғыз ақталу тауып, бақылаусыз һәм варварлық зорлық-зомбылық болған кезде де бір адамның басқаға үстемдігін қамтиды.

«Күш» ұғымдарында анықталатын мүдде тұжырымдамасы мораль жолында деп жасалатын эксцестердің де, саяси ақымақтықтың да алдын алады. Өйткені, егер біз кез-келген елге, оның ішінде өзіміздің елімізге де, күш терминдерінде анықталатын төл мүдделерін күйттейтін саяси организм ретінде қарасақ, онда біз олардың кез-келгеніне ақтау табамыз. Және сол ақтаудың қос мағынасы болады: біз басқа елдерді өзіміздің ел секілді таразылай аламыз, және, оларға солай келсек, біз басқа ұлттардың мүдделерін құрметтейтін саясат жүргізуге қабілетті боламыз, сонымен бір мезгілде өз мүдделерімізді қорғап, ілгерілете аламыз. Саясаттағы ұстамдылық моральдық пікірлердің ұстамдылығын бейнелемеуі мүмкін емес».

Моргентаудың аталмыш кітабындағы оның сыртқы дүние мен оларды реттейтін заңдылықтарды көруі үш постулатқа негізделеді: халықаралық қарым-қатынастардың негізгі субъектісі өзінің мүдделерін күш категориялары (яғни, олар ие болып отырған қуаттан туындайды) арқылы білдіретін ұлттық мемлекет болып табылады. Мұның салдары халықаралық қатынастарды ілгерілететін ішкі серіппесі мемлекеттердің сыртқы ортада өз ықпалын барынша арттыра беру жолындағы күресі болып табылады. Оның ең оңтайлы ахуалы халықаралық (аймақтық) күш тепе-теңдігі, ол орын алып отырған мемлекеттер мен олардың

коалицияларының күшінен асып түсетін ұлттық немесе коалициялық қуаттың пайда болуынан сақтандырады, бұған күштер балансы саясатымен қол жетеді (саналы немесе бейсана түрде).

Моргентаудың айтуынша халықаралық саясат, кез-келген саясат секілді - ықпал үшін күрес. Халықаралық саясаттың ақтық мақсаты қандай болмасын, ол әрқашан - ең тікелей мақсат. Мемлекет қайраткерлері, халықтар түптің түбінде бостандыққа, қауіпсіздікке, гүлденуге немесе ықпал етудің өзіне қол жеткізе алады. Олар өздерінің мақсаттарын діни, философиялық, экономикалық немесе әлеуметтік мұрат ретінде айқындай алады.

Олар өз мақсаттарына халықаралық саясат жолымен қол жеткізуге ұмтылған кез- келген жағдайда мұны күшке қол жеткізіп алып істейді. Мысалы, Кресшілер қасиетті жерлерді құдайсыздардан азат еткісі; Вудро Вильсон - дүниені демократия үшін қауіпсіз еткісі; фашистер - Шығыс Еуропаны неміс отарлауы үшін ашып, Еуропаға үстемдік орнатқысы және дүние жүзін жаулап алғысы келді.

Олардың бәрі өз мақсаттарына жету үшін күш қолдануды таңдағандықтан, олар жаһандық саясат аренасында ойыншылар болып санала алатын еді.

Саяси билік және саясат мәселесі туралы ой қозғағанда Моргентау былай деп жазады: «саяси билік дегеніміз оны жүзеге асырушылар мен сол билік кімнің үстінен жүргізілетіндердің арасындағы психологиялық қатынас. Бұл осылардың біріншілеріне соңғылардың қарекеттерін олардың ақыл-ойына жасайтын ықпалы арқылы қадағалау мүмкіндігін береді. Бұл ықпал үш қайнар көзден - пайда күтуден, ұтылып қалу қаупінен, адамдар мен институттарды сыйлаудан немесе сүюден өрбиді. Ол адамның яки институттың бұйрықтарымен, қорқытуымен, сендіруімен немесе осынау факторлардың кез-келгенінің ұштастырылуымен жүзеге асырыла алады».

Моргентау атап көрсеткендей кез-келген саясат, мейлі ол ішкі немесе сыртқы саясат болсын, үш базалық модельді аңғартады, яғни барлық саяси феномендерді негізгі үш тұрпатқа саюға болады. Ол не күш-қуатты сақтауға, не күш-қуатты күшейтуге, не күш- қуатты көрсетуге ұмтылады.

Саясаттың осынау үш үлгісіне халықаралық тәртіптің үш тұрпаты сәйкес келеді. Сыртқы саясаты күш-қуатты өз пайдасына қайыра бөлуге емес, соны сақтауға бағытталған ел статус-кво жолын ұстанады. Қалыптасқан күш-қуаттың ара салмағын өзгерту жолымен қосымша күш-қуатқа ие болғысы келетін ел империализм саясатын жүргізеді. Сыртқы саясаты қолындағы күш-қуатын оны сақтау мақсатымен де, ұлғайту мақсатымен де көрсетуге бағытталған ұлт өз беделін қолдап отыру саясатын жүргізеді. Моргентау жоғарыда аталған және басқа да еңбектерімен дербес ғылыми сала ретінде халықаралық қатынастардың

егжей-тегжейлі талдап әзірлеген теориясының негізін қалады.

Саяси реализм теориясының негізгі қағидалары (билік үшін күрес ретіндегі халықаралық саясат туралы, мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің үйлеспеуі және, демек, халықаралық ортаның жанжалдылығы туралы) практик-саясаткерлер үшін де көкейтесті болып шықты.

Саяси идеялар тарихы, Моргентаудың пікірі бойынша, адамның, қоғамның және саясаттың табиғатына екі түрлі көзқарастың күресі. Олардың бірінің өкілдері ұтымды және сонымен бір мезгілде моральдық принциптерге негізделген саяси тәртіптің мүмкін екендігіне сүйенеді. Олар адам табиғатының әу бастан жақсылықтан өрбитініне және білім беру мен реформалар жолымен қоғамды жетілдіре түсу мүмкіндігіне сенеді. Екінші көзқарастың - саяси реализм тұжырымдамасының жақтастары дүние әлі мінсіз емес деп санайды. Ұтымды негізделген саяси тәртіп жасау үшін, жетіліп болмаған адам табиғатын ескеру қажет. Қазіргі дүниеде болып жатқан оқиғалар да дүниенің мінсіз еместігін дәлелдеуде.

Осы заманғы дүниеге мүдделер қайшылығы тән. Демек, барша плюралистік қоғамдардың тіршілік ету принциптері мүдделер балансына, тежеу мен қарама-қарсы салмақ жүйесіне негізделген. Саяси реализмнің екінші принципі - билік пен күш-қуат терминдерінде түсінілетін ұлттық мүдделер принципі. Ұлттық мүдделер тұжырымдамасы халықаралық саясатты экономика, дін, этностық қатынастар сияқты салалардан салыстырмалы тәуелсіз өріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Саяси реализмнің үшінші принципі мынада: саяси реализм халықаралық қатынастар теориясын екі түрлі адасудан - саяси қарекет негізінде жатқан сарындар мен ниеттерді зерттеуден, сондай-ақ халықаралық қатынастар субъектілерінің идеологиялық артықшылықтарын зерттеуден құтқарады. Саяси реализмнің төртінші принципі ұлттық мүдделерді серпінді түсінумен байланысты. Саяси реализм доктринасына сәйкес жалпы адамзатқа ортақ әмбебап моральдық принциптер мемлекет қарекеттеріне баға беруге қолданыла алмайды.

Г.Моргентау саяси реализм мен басқа да теориялық мектептер арасында үлкен айырма бар екенін атап өтеді. Саяси реализм халықаралық қатынастарға жария және моральдық көзқарастармен сыйыспайды. Осылайша, Моргентау халықаралық саясат теориясының негізінде саяси тәртіп заңдары жатыр, олардың тамырын адам табиғатының өзінен іздеу керек деген ойды негіздейді. Мұндай амалды қолданғанда билік идеясы мүдде ұғымында шоғырланады, ол «күш» терминінің көмегімен анықталған «мүдде тұжырымдамасы» мемлекеттің ішкі де, сыртқы да саясатының мәнісін анықтауға мүмкіндік берді. Сондықтан, Моргентаудың пікірі бойынша, мүдде кез-келген, тіпті

барынша тартымды абстрактылы идеялардан үстем тұруы керек.

Қорыта айтқанда Моргентаудың жасайтын қорытындысы мынаған саяды: «Сыртқы саяси мақсат ұлттық мүдде арқылы анықталуы және батыл қарсы күшпен қуатталуы керек». Моргентаудың ұлттық мүдде туралы тұжырымдамасы белгілі ағылшын саясаттанушысы Пальмерстонның «Англияның тұрақты достары да, жаулары да жоқ, тек тұрақты мүддесі ғана бар» деген сөзін еске түсіреді.

Кеннет Уолц және оның Неореализм. Уолц – халықаралық қатынастар теориясында неореализмнің негізін қалаған тұлғалардың бірі. Халықаралық-саяси қатынастарды меңгерудің әдістемесін жасаған кезде ол жүйелік әдісті қолдануды дұрыс көрді. Дегенмен құрылым ұғымын негізгі ретінде санады. 1979 жылғы «Халықаралық саясат теориясы» монографиясында халықаралық қатынастарды «күш» пен «мүдде» түсініктері тұрғысында емес, ал халықаралық қатынастарда мемлекеттер қатынастарының жүйелілігін көрсететін «құрылым» түсінігі арқылы түсіндіреді. Осылай ол әлем өзара байланысты екенін көрсеткісі келеді, яғни мемлекеттер өзара тығыз қатынаста екендігін айтқысы келеді. Ал күш болса жаһандық саясаттың негізгісі болып табылмайды дейді. Бірақ аталмыш теорияда «күш» негізгі категория ретінде рол атқарады. Дегенмен де, неореализм оны әскери сипатта емес, ал экономикалық, ақпаратта-коммуникативті, ғылыми, қаржылық және өндірістік тұрғыда сипаттайды.

Уолцтың саясаттануға қосқан негізгі үлесі неореализм мен халықаралық қатынастар теориясын жасасу болды. Аталмыш теория мемлекеттер әрекеттерінің халықаралық бәсекелестіктердің елдерге әсер ететін қысыммен түсіндірілетіндігін анықтады, өйткені олар мемлекеттің таңдауын шектейді және тарылтады. Неореализм, өз кезегінде, мемлекеттік тәртіптің қайталанатын үлгілерін түсіндіруге тырысады. Мысал ретінде Спарта мен Афина арасындағы қатынастар, кейін АҚШ пен КСРО арасындағы қатынастарды еске түсірді. Уолц үшін неореализм классикалық реализмге жауап ретінде болды.

Деңгейлік тапсырмалар:

1 –деңгейлік сұрақ. Ганс Моргентау және соғыстан кейінгі саяси реализмнің мектебі.

1 –деңгейлік сұрақ. Неореализм, неоклассикалық реализм, басқыншы реализм айырмашылықтарын түсіндіріңіз.

1 –деңгейлік сұрақ. Халықаралық саясаттың ең маңызды акторы кім?

2–деңгейлік сұрақ. Күш балансы заңын сипаттаңыз.

2–деңгейлік сұрақ. Реалист теорияның ішіндегі әртүрлі

ұстанымдарды анықтаңыз, әрі осы ұстанымдарарасындағы негізгі айырмашылықтарды түсіндіріңіз.

3–деңгейлік сұрақ Г. Моргентау бойынша саяси реализмнің негізгі принциптері қандай?

3–деңгейлік сұрақ. Күш дегеніміз не? Күштің элементтерін сыныптандырыңыз

ОБӨЖ тапсырмалары: Жан Боден саяси реализм идеясының дамуы туралы.

БӨЖ тапсырмалары: Неореализм, постмодернизм-анықтама беру. Ганс Моргентау және соғыстан кейінгі саяси реализмнің мектебі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”,

Ankara Üniversitesi SBF Dergisi, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.

3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.

4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.

5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.

6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınları